

## Құрлық әскерлерінің әскери институты мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 маусым N 659. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Атауы және мәтінінде сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1080 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2002 жылғы 27 ақпандағы N 815 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Құрлық әскерлері әскери институтының мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) туралы ереже бекітілсін. <\*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1080 қаулысымен .

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.26 № 580 Қаулысымен.

3. Мекеме қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық бюджетте 009 "Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау" бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мұқтажына көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2014 № 707 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 17 маусымдағы  
N 659 қаулысымен  
бекітілген

**"Құрлық әскерлерінің әскери институты" мемлекеттік мекемесі туралы  
Ереже <\*>**

Ескерту. Атауы және мәтінінде сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1080 қаулысымен .

## 1. Жалпы ереже

1. Құрлық әскерлерінің әскери институты (бұдан әрі - Институт) жоғары және орта кәсіптік әскери білім беру бағдарламаларын іске асыратын, сондай-ақ қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын әскери оқу орны болып табылады.<\*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1080 қаулысымен .

2. Институт өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Институт мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында Жауынгерлік Туы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі, мөртаңбасы мен белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоты болады.

Институт өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

4. Институт заңнамада белгіленген тәртіппен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Институт бастығының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

5. Институттің заңды мекен-жайы: 480094, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 35.

6. Институттің толық атауы:

"Құрлық әскерлерінің әскери институты" Мемлекеттік мекемесі.<\*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1080 қаулысымен .

## 2. Институттің мақсаты, міндеттері және функциялары

7. Институттің мақсаты жоғары және орта кәсіптік әскери білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру болып табылады.

8. Институттің міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін офицерлер - жоғары және орта әскери кәсіптік білімі бар білікті мамандар даярлау, сондай-ақ оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

2) әскери құрылыс, мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту және әскери білім беруді жетілдіру проблемаларын шешуге бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу;

3) тәрбие процесін ұйымдастыру.

9. Институт үкіметаралық келісімдерге (шарттарға) сәйкес басқа мемлекеттердің қарулы күштері үшін офицерлер даярлауды жүзеге асыра алады.

10. Институт курсанттарды тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілетін азаматтық мамандықтарға оқытуды білім берудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес жүзеге асыра алады.

11. Институт Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне бағынады.

12. Көрсетілген міндеттерге қол жеткізу үшін Институт мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жоғары және орта әскери кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасайды;

2) терең әскери-арнайы білімді, қатаң дағдылар мен ептілікті қалыптастыруды қамтамасыз етеді, жоғары кәсіптік сапаны жасайды;

3) патриотизм, әскери антқа адалдық сезіміне тәрбиелейді, тұлғаның шығармашылық, рухани және дене даярлығы мүмкіндіктерін дамытады, мықты адамгершілік негіздерін, әскери этика, тәртіптілік пен ұйымдастырушылық нормаларын қалыптастырады.

### **3. Институттің қызметін ұйымдастыру**

13. Институт:

1) әскери оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес Институтке азаматтар қабылдау тәртібін белгілейді;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқу және тәрбие жұмысын жүзеге асырады;

3) оқушыларды аралық аттестаттау нысандарын, тәртібі мен кезеңділігін дербес таңдап алады.

14. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады және заңнамада белгіленген тәртіппен Институтке қатысты мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттіліктеріне сәйкес даярлау мамандықтарын және жыл сайынғы курсанттар қабылдау жоспарын белгілейді;

2) Институтке берілген мүліктің тиімді пайдаланылуын және сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Институт қызметкерлерінің штатын жасақтау, еңбек ақы төлеу жағдайының тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Институтке тікелей басшылық етуді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметке тағайындайтын және босататын Институт бастығы жүзеге асырады.

17. Институттің бастығы дара басшылық ету қағидаттарында әрекет етеді және лауазымдық өкілеттілігіне сәйкес Институт қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

18. Басшылықты жүзеге асыру кезінде Институт бастығы мемлекет белгілеген тәртіппен:

1) Институттің мүддесін барлық ұйымдарда білдіреді;

2) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

3) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес шетелдік ғалымдар мен мамандарды қоса алғанда, Институттің уәкілетті орган тағайындағаннан басқа қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) Институт қызметкерлеріне көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолданады;

5) өз орынбасарларының және Институттің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіліктері аясын анықтайды;

6) өзіне заңнамамен, осы Ережемен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### **4. Институттің мүлкі**

19. Институт негізгі қорлар мен айналымдағы қаражаттан тұратын оқшауланған мүлікті, сондай-ақ құны Институттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүлікті жедел басқаруға құқылы.

20. Институт өзіне бекітілген мүлік пен оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иелігінен оқшаулауға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқылы емес.

#### **5. Институтті қайта ұйымдастыру және тарату**

21. Институтті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК